



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

2024 жылға жас топтары бойынша
туу коэффициенттері

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі - Бюро)

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Халық статистикасы департаменті

S.1.3 Байланысатын тұлғаның аты

Көпес Ерлан Қанатұлы

S.1.3.1. Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Ханжігітов Нұрлан Еркенұлы

S.1.5 Байланысушы адамның пошталық мекенжайы

010000, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғ., 8, Министрліктер үйі, 4-кіреберіс.

S.1.6 Байланысушы адамның электрондық мекенжайы

er.kopes@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланысушы адамның телефоны

+7 7172 749343

S.2 Өзектілік- кіріспе

Туу - негізгі демографиялық процестердің бірі, ол осы елді мекендегі бала туудың жиілігімен және сипаттамасымен (анасының жасы, бала туудың кезектілігі және т.б.) анықталады.

Жас топтары бойынша туу коэффициенттері туу жағдайын және динамикасын талдауға жақсы мүмкіндік беретін туу көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Жас топтары бойынша туу коэффициенттері туу қарқындылығының динамикасын және аумақтық дифференциациясын дәл көрсете алады.

Ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушылармен кері байланыс Бюроның 1446 бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүзеге асырылады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

27.03.2025

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыру

27.03.2025

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңарту

27.03.2025

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Бес жылдық жас топтары бойынша туу коэффициенті, жиынтық туу коэффициенті

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Туу бойынша деректерді қалыптастыру кезінде мынадай статистикалық жіктеуіш пайдаланылады:

ӘАОЖ – Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші;

Бұл жіктеуіш Бюроның www.stat.gov.kz Интернет-ресурсының «Басты бет» / «Жіктеуіштер» бөлімінде қолжетімді.

S.4.3 Секторлық қамту

Есепті жылы бала көтерген барлық әйелдер бақылауға жатады. Әйелдердің орташа жылдық саны, анасының жасына байланысты туу саны, әкімшілік-аумақтық өзгерістер.

Көрсеткішті қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің АХАЖ АЖ-нің және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің БХТ АЖ-нің әкімшілік деректері мынадай келісімдер негізінде пайдаланылады:

1)Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесін Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «электрондық үкімет» шлюзі арқылы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Азаматтық хал актілерін жазу» ақпараттық жүйесімен интеграциялауды іске асыру жөніндегі 2019 жылғы 18 маусымдағы келісім;

2)Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «электрондық үкімет» шлюзі арқылы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Бекітілген халық тіркелімі» ақпараттық жүйесімен Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесін интеграциялауды іске асыру жөніндегі 2021 жылғы 11 маусымдағы келісім.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтамалар

Туудың есептік көрсеткіштерінің маңыздылығы демографиялық құбылыстарды талдау мен елдегі және оның өңірлеріндегі демографиялық ахуалды бағалаудағы рөлімен байланысты. Туу көрсеткіштерін есептеу және талдау демографиялық зерттеулер, сондай-ақ денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік саясат органдарының қолдануы үшін қажет.

Репродуктивті кезең (жас) - әйел бала тууға қабілетті уақыт кезеңі. Статистикалық мақсаттар үшін көптеген елдерде шартты түрде 15-49 жас кезеңі қабылданады. Жас топтары бойынша туу коэффициенті күнтізбелік жылда әрбір жас тобында туудың орташа деңгейін сипаттайды.

S.4.5 Статистикалық объект

Қазақстан Республикасының тұрақты халқы.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Қолданылмайды

S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (аудандар, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана).

S.4.8 Қамту уақыты

Деректер 2000 жылдан бастап жыл сайынғы негізде қалыптастырылады. 2000-2024 жылдарға арналған уақыт қатарлары бар. Уақыт қатарлары Бюроның www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында «Басты бет» / «Статистика» / «Әлеуметтік статистика» / «Демографиялық статистика» / «Динамикалық қатарлар» бөлімінде қол жетімді.

S.4.9 Базалық кезең

Өткен жылдың сәйкес кезеңімен байланысты.

S.5 Өлшем бірлігі

Мың әйелге.

S.6 Есепті кезең

Жыл

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1.«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.

2.Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.

3.Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының м.а. 2010 жылғы 14 шілдедегі №183 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну қағидалары.

4.Қазақстан Республикасының белгіленген заңнамалық тәртібімен Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының бұйрығымен бекітілген статистикалық жұмыс жоспары.

5.Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми стратегиялық статистикалық ақпаратты тарату кестесі.

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Құпиялылық саясаты

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару қағидаттары мен практикалық тәсілдерін

айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты Бюроның есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, ақпараттың құпиялылығын, оның тұтастығы және теңтүпнұсқалығы шартында қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте пайдалану үшін ұсыну қағидаларын бекіту туралы.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабы 1-тармағы, 2-тармағы 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 «Мемлекеттік статистика туралы» Мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға сапалы ресми статистикалық ақпаратқа, оның ішінде машинада оқылатын деректер форматында және статистикалық әдіснамада мемлекеттік статистика органдарының Интернет-ресурсында орналастыру жолымен бір мезгілде қол жеткізуге тең құқықтарды қамтамасыз етеді. Статистикалық жұмыстар жоспарында және ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде көзделген барлық статистикалық ақпарат Бюроның www.stat.gov.kz. Интернет-ресурсында еркін қолжетімділікте орналастырылады. Статистикалық жұмыстар жоспары мен ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі Мемлекеттік органдардың Интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында (МО ИРБП) www.gov.kz «Бюро» / «Басты бет» / «Негізгі құжаттар» бөлімінде қолжетімді.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі Мемлекеттік органдардың www.gov.kz Интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында (МО ИРБП) «Бюро» / «Басты бет» / «Негізгі құжаттар» бөлімінде қолжетімді.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабы 1-тармағы, 2-тармағы 2010 жылғы 19 наурыздағы №257 «Мемлекеттік статистика туралы» Мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға сапалы ресми статистикалық ақпаратқа, оның ішінде машинада оқылатын деректер форматында және статистикалық әдіснамада мемлекеттік статистика органдарының Интернет-ресурсында орналастыру жолымен бір мезгілде қол жеткізуге тең құқықтарды қамтамасыз етеді. Статистикалық жұмыстар жоспарында және ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде көзделген барлық

статистикалық ақпарат Бюроның www.stat.gov.kz. Интернет-ресурсында еркін қолжетімділікте орналастырылады
Статистикалық жұмыстар жоспары мен ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі Мемлекеттік органдардың www.gov.kz Интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында (МО ИРБП) Бюро» / «Басты бет» / «Негізгі құжаттар» бөлімінде қолжетімді.

S.10 Тарату жиілігі

Жыл.

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Баспасөз хабарламалары қалыптастырылмайды.

S.11.2 Жарияланымдар

1)«Қазақстан Республикасының жас топтары бойынша туу коэффициенттері» электрондық кестесі (кезеңділігі: жылдық) Бюроның www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында «Басты бет» / «Статистика» / «Әлеуметтік статистика» / «Демографиялық статистика» / «Электрондық кестелер» бөлімінде қолжетімді.

2)«Қазақстанның демографиялық жылнамасы» және «Қазақстан жастары» статистикалық жинақтары Бюроның www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында «Басты бет» / «Басылымдар» / «Жинақтар» бөлімінде қолжетімді.

3)Негізгі көрсеткіштер мен динамикалық кестелер Бюроның www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында «Басты бет» / «Статистика» / «Әлеуметтік статистика» / «Демографиялық статистика» / «Динамикалық қатарлар» бөлімінде қолжетімді.

S.11.3 Онлайн деректер базасы

Бюроның www.stat.gov.kz Интернет-ресурсы «Талдау» Ақпараттық-талдау жүйесі / «Демографиялық статистика».

S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі-кеңестер

Іске асырылмаған

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми және ғылыми-техникалық мақсатта пайдалану үшін ұсыну қағидалары.

Деректер базасын сәйкестендірілмеген түрде беру «Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте пайдалану үшін деректер базасын сәйкестендірілмеген түрде ұсыну қағидаларымен реттеледі.

Деректер базасын сәйкестендірілмеген түрде алу үшін өтінім беру шарттары туралы ақпарат Бюроның www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында «Басты бет» / «Зерттеушілер үшін» бөлімінде

қолжетімді.

Өтінім Бюроның www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында «Жеке кабинет» / «Пайдаланушы кабинеті» арқылы қалыптастырылады және қажетті құжаттарды қоса бере отырып, электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылады.

S.11.5 Өзге де

S.11.5.1 AC 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2019 жылғы 29 шілдедегі № 3 «Туу көрсеткіштерін есептеу әдістемесін бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2024 жылғы 21 маусымдағы № 8 бұйрығымен бекітілген туу көрсеткіштерін есептеу әдістемесі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 25 маусымдағы № 34565 болып тіркелді.

Әдістеме Бюроның www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында «Әдістеме» / «Демографиялық статистика» бөлімінде қолжетімді.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы №53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы №63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

3) Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2024 жылғы 19 наурыздағы № 2 бұйрығымен бекітілген әкімшілік деректердің сапасын бағалау қағидалары.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Демографиялық статистика бойынша деректердің сапасы мен дұрыстығына жалпы қабылданған рәсімдер қолдау көрсетеді:

- әкімшілік көздер ұсынатын көрсеткіштер тізбесінің мониторингі;
- бастапқы есепке алудың негізгі қағидаларын сақтау;
- әкімшілік-аумақтық бірліктер бойынша стандартты статистикалық сыныптамаларды пайдалану;
- әкімшілік көздерден бастапқы деректерді интеграциялау

кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматты-логикалық, арифметикалық) әзірленді және енгізілді;
- статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізіледі (әкімшілік деректермен динамикада).

S.13.2 Сапаны бағалау

Туу көрсеткіштерін есептеу әдістемесі халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылатын және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңына сәйкес бекітілетін статистикалық әдіснамаға жатады.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпаратты пайдаланушылар: ТМД Статкомитеті, ЕЭК, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, жеке және заңды тұлғалар.

S.14.2 Пайдаланушы-лардың қанағаттанушылығы

Жыл сайын ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға сауалнама жүргізіледі. Пайдаланушының сауалнамасы Бюроның www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында «Басты бет» / «Сауалнамалар» / «Пайдаланушы сауалнамасы» бөлімінде қолжетімді.

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

Қолданылмайды

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Жас бойынша туу коэффициенттері күнтізбелік жылдағы әр жас тобындағы орташа туу деңгейін сипаттайды. 20 жасқа дейінгі жас тобы үшін коэффициентті есептеу кезінде бөлгіш ретінде 15-19 жас аралығындағы әйелдер саны қабылданды. 15-49 жас тобына коэффициентті есептеу кезінде алымға барлық туылғанда р, соның ішінде 15 жасқа дейінгі және 50 жастан асқан аналарда туылғандар кіреді.

$ASFR_x = n_x r_x / 1000$, мұнда:

$ASFR_x$ -туудың жас коэффициенті, мұнда

x-жас;


N_x -x жасындағы әйелдерде туылғандар саны;

R_x -x жасындағы әйелдердің орташа жылдық саны.

Жас топтары бойынша туу коэффициенттері 2024 жылы 15-19 жаста 15,64; 20-24 жаста – 135,10; 25-29 жаста – 170,63; 30-34 жаста – 131,55; 35-39 жаста – 80,79; 40-44 жаста -24,18; 45-49 жаста – 1,81 құрады.


2024 жылғы жас топтары бойынша туу коэффициенттері

мың әйелге



15-49 жас аралығындағы өңірлер бойынша туу коэффициенттері

мың әйелге



15-49 жастағы 1000 әйелге шаққанда балалардың ең көбі Түркістан облысында – 114,70, ал ең азы Солтүстік Қазақстан облысында – 43,99 туды.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ A1.

Қолданылмайды

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

- Қолданылмайды
- S.15.3.1 Қамту қатесі
 - Қолданылмайды
 - S.15.3.1.1 А2. Қамтуды арттыру - үлес
 - Қолданылмайды
 - S.15.3.1.2 А3. Жалпы бірліктер - арақатынас
 - Қолданылмайды
 - S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері
 - S.15.3.3.1 А4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі
 - Қолданылмайды
 - S.15.3.3.2 А5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі
 - Қолданылмайды
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
 - S. 16.1 Уақыттылық
 - S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер
 - Әкімшілік дереккөздердің ұсыну мерзімінен жарияланымға дейін, нәтижелерді өңдеуге жұмсалған уақыт 40 күнді құрайды. Нәтижелер электрондық кестеде жарияланады. Шығарылым күні Статистикалық жұмыстар жоспарында және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде жарияланған және бекітілген. Қазақстан Республикасының жас топтары бойынша туу коэффициенттерінің мәліметтері есепті кезеңнен кейінгі 40 күнге жылдық негізде жарияланады.
 - S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер
 - Нәтижелер түпкілікті болып табылады
 - S.16.2 Ұқыптылық
 - S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3
 - Деректер Бюро басшысының бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспарына және ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесіне сәйкес жарияланады.
 - Нақты және жоспарланған күндер сәйкес келеді, 2024 жылы жариялау мерзімдері бұзылған жоқ. Егер басылым демалыс немесе мереке күндеріне сәйкес келсе, басылым келесі жұмыс күніне ауыстырылады.
- S.17 Салыстырмалылық
 - S.17.1 Географиялық салыстырмалығы
 - Деректер өңірлер арасында салғастырмалы
 - S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша асимметриясы – коэффициент/СС1
 - Қолданылмайды
 - S.17.2 Салыстырылатын уақыттық қатарлардың ұзақтығы/СС2
 - 2000-2024 жылдарға арналған уақыт қатарлары бар. Уақыт қатарлары Бюроның www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында «Басты

бет» / «Статистика» / «Әлеуметтік статистика» / «Демографиялық статистика» / «Динамикалық қатарлар» бөлімінде қол жетімді.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Көрсеткіштің әдістемесі Біріккен Ұлттар Ұйымының «Халықтың табиғи қозғалысын статистикалық есепке алу жүйесі үшін қағидаттар мен ұсынымдарға» сәйкес келеді (2015). Бұл көрсеткішті Денсаулық сақтау министрлігі, Экономикалық зерттеулер институты және басқа да ғылыми-зерттеу ұйымдары өз есептеулерінде қолданады.

S.18.2 Ішкі келісушілік

Қолданылмайды

S.19 Жүктеме

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің АХАЖ АЖ-нен туу туралы актілер, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің БХТ АЖ-нен туу туралы медициналық куәліктер Бюроның ХСТ АЖ-не онлайн режимде келіп түседі. Ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне қарай ХСТ АЖ «АХАЖ түсіру» модулінен түсіру жөніндегі талаптарға сәйкес «Туу» оқиғасы бойынша кесте түсіріледі. Қалыптастырылған «Туу» кестесі форматты-логикалық бақылауға және мәліметтердің толықтығына тексеріледі. Қателер немесе мәліметтер толық болмаған жағдайда, бұл жазбалар Деректердің сапасын бақылау және коммуникацияларды дамыту департаментіне беріледі.

Осыдан кейін, есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күніне пысықталған «Туу» кестесі Бюроның Ақпараттық-есептеу орталығына беріледі, онда ағымдағы жылға арналған Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес деректер өңделеді және кестелер шығарылады. Содан кейін қалыптасқан кестелер талдау, бекіту және тарату жүргізілетін Бюроға беріледі.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

Әкімшілік-аумақтық өзгерістерге байланысты 2009 жылдан 2022 жылға дейін туу көрсеткіштері қайта есептелді.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің АХАЖ АЖ және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің БХТ АЖ деректері.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

Жыл.

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Әкімшілік дереккөздердің ақпараттық жүйелерімен интеграциялау

арқылы нақты уақыт режимінде.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Қалыптастырылған мәліметтер базасының толықтығы мен сапасын бақылау.

S.21.5 Импутация - үлесі/A7

Қолданылмайды

S.21.6 Түзету

Туу туралы деректер азаматтық хал актілерін тіркеу органдарында оқиғаларды кеш тіркеуді ескере отырып нақтыланады

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды

S.22 Ескерту

Бұдан әрі деректердің сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жалғастыру.